

**Сырым аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 19-2 "2014 жылы Сырым ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 24-3 шешімі

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына және Батыс Қазақстан облысының әділет департаментінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 4-5798 заңды бұзуды жою туралы ұсынысына сәйкес Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Сырым аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 19-2 "2014 жылы Сырым ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3525 тіркелген, 2014 жылғы 29 мамырдағы "Сырым елі" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*В. Джумағалиев*

*А. Галимов*